

18/1-48 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

ЖАСТАР САЯСАТЫ БӨЛІМІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚЕ 17-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Жетінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер.....	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	5
3. Жалпы ережелер.....	6
4. Ұйымдастырылу құрылымы.....	6
5. Негізгі мақсаттары мен міндеттері.....	7
6. Негізгі қызметтері.....	12
7. Қызметкерлердің құқықтары.....	14
8. Жауапкершілігі.....	15
9. Құрылымдық бөлімдермен өзара байланысы.....	15

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы бөлім ережесінде келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілде № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы: 2015 жылғы 18 қараша № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қараша, №414- V ҚРЗ;

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;

- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

- СТ 011-2024. Персоналды басқару;

- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1999 жылғы 28 тамыз №73;

- Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚРЗ;

- «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысы;

- Білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы № 873 Қаулысы.

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «Е 507-2026. «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі».

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 5 беті

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылды:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;

- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

- жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;

- жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;

- жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,

АЖО - академияның жастар орталығы,

ЖОО - жоғары оқу орны,

ЖСБ - жастар саясаты бөлімі,

ІСД - ішкі саясат департаменті,

ІД - ішкі істер департаменті,

ҰОС - Ұлы Отан соғысы,

БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары,

КТК - көңілді тапқырлар клубы,

МЕС - медициналық еріктілер секторы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 6 беті

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Жастар саясаты бөлімі (әрі қарай - ЖСБ) өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларды, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарын, «ОҚМА» АҚ жарғысын, ішкі нормативтік құжаттарды, сонымен қатар бөлімнің осы ережесін басшылыққа алады.

ЖСБ «ОҚМА» АҚ-ның өз алдына бөлек құрылымдық бөлімі болып табылады. ЖСБ меңгерушісі, бөлім мамандары ректордың бұйрығымен ғылыми-педагогикалық немесе тәжірибелік қызметте кем дегенде 5 жыл жұмыс тәжірибесі немесе жоғары білімі бар, педагогикалық және білім алушылардың жастар қозғалысы бойынша екі жылдан кем емес еңбек өтілі бар ең білікті оқытушылар, қызметкерлер арасынан тағайындалады.

4 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ЖСБ меңгерушісін Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) ректоры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

ЖСБ-нің құрамына кіретін мамандар:

- ЖСБ меңгерушісі;
- ЖСБ жетекші маманы;
- музыкалық жетекші;
- эстетикалық және әлеуметтік жұмыс бойынша маман;
- әлеуметтік жұмыстар бойынша бас маман;
- әлеуметтік жұмыстар бойынша маман;
- ЖСБ білім алушыларға қызмет көрсету орталығының маманы;
- МЕС меңгерушісі;
- МЕС маманы.

Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі:

– Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректорға бөлімнің оқу жылына арналған жоспарына сәйкес жасалынған жұмыстардың есептерін тапсырады;

- ЖСБ-не тапсырылған міндеттерді орындауға жауапты болып табылады;
- өзінің өкілеттілігі шеңберінде құжаттарға қол қояды;
- ЖСБ-нің қызметкерлері арасында қызметтік міндеттемелерді бөледі;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	ҚЕ 17-2026	
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	7-ші басылым 16 беттің 7 беті	

- тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректорға мадақтау және жазалау шараларын қолдану жайында ұсыныс береді;
- тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша қызметінің нәтижесіне қарай марапатқа ұсынылады және «ОҚМА» АҚ ректоры тарапынан жазаланады;
- «Болашақ» АЖО өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін бекітеді.

5 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1 ЖСБ қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты мен «ОҚМА» АҚ миссиясын жүзеге асыруда білім алушылардың жемісті дамуы мен белсенділігінің артуына жағдай жасау болып табылады.

5.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ЖСБ келесі міндеттерді орындауы тиіс:

- кездесулер, жиналыстар, конференциялар ұйымдастыру арқылы «ОҚМА» АҚ білім алушы жастардың санасында қазақстандық патриотизм, идеалдар, нормалар мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- облыстық және республикалық журналдар мен газеттерде мақалалар мен очерктер жариялау арқылы білім алушы жастар арасында ҚР азаматтарының халықтық бірлігін насихаттау;
- «ОҚМА» АҚ білім алатын жастардың әлеуметтік және мәдени мәселелерін шешуге бағытталған жоспарларды әзірлеп, жүзеге асыру;
- дөңгелек үстелдер, жиналыстар мен кездесулер ұйымдастыру арқылы жастар арасында республикада жасалып жатқан реформалар жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- дөңгелек үстелдер мен жиналыстар өткізу арқылы «ОҚМА» АҚ-да білім алатын жастардың бойында азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті дамыту ісінде белсенділік танытуға тәрбиелеу;
- спорттық ойындар, спартакиадалар, акциялар ұйымдастыру арқылы жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық жастар ұйымдарымен әріптестік қатынастар жасау;
- мәдени-кешенді және спорттық клубтар, секциялар мен үйірмелер құру арқылы «ОҚМА» АҚ білім алушы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- конкурстар, дебаттар, КТК ойындары және диспуттар ұйымдастыру арқылы білім алушылардың шығармашылық потенциалын дамыту;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 8 беті

– «ОҚМА» АҚ және облыс аумағындағы ланкестік, экстремизмнің «көздерін» жою (қоғамдық санада кек алу психологиясы туралы дұрыс түсінікті қалыптастыру) бойынша ІД және ІД өкілдерінің қатысуымен тәлімгерлік сағаттары мен кездесулер ұйымдастыру;

– ІД мен ІСД өкілдерінің қатысуымен тәлімгерлік сағаттар мен кездесулер өткізу арқылы «ОҚМА» АҚ мен облыс көлемінде лаңкестік мен экстремизмнің «қайнар көздерін» жою (қоғамдық санада өш алу психологиясының дұрыс еместігі туралы түсінік қалыптастыру);

– білім алушылардың жауапкершілігін арттыру және оларды маңызды әлеуметтік мәселелерді талқылауға тартып, дұрыс шешім қабылдауына әсер ету.

5.3 ЖСБ мен бөлім, сектор қызметкерлерінің міндеттері:

– «ОҚМА» АҚ білім алушыларын патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шараларды (жиналыстар, дөңгелек үстелдер, диспуттар, дискуссиялар, дебаттар, конкурстар, акциялар, митингілер) жүзеге асырады;

– «ОҚМА» АҚ медицина мен фармация саласындағы кәсіпорындармен, мекемелермен, сондай-ақ басқа да еліміздегі ЖОО-мен байланыстарын орнатады;

– Қазақстан Республикасының жастар саясаты саласында мемлекеттік міндеттерді орындауға бағытталған облыстық және қалалық іс-шаралар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға ат салысады;

– бөлімнің қызметіне байланысты мемлекеттік, жекеменшік қоғамдық мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен бірге жұмыс жасайды;

– мемлекеттік, облыстық, қалалық, академиялық жастар саясатына байланысты бағдарламаларды, жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысады;

– жастар саясаты саласында факультеттердің, кафедралардың, білім алушылардың қызметін үйлестіреді;

– білім алушылардың тұлға ретінде әлеуметтік, мәдени, рухани-адамгершілік және физикалық дамуына әсер ететін спорттық, тәрбиелік, мәдени-кешенді, сауықтыру іс-шараларын (КТК, конкурстар, дебаттар, диспуттар, интеллектуалды ойындар, спартакиадалар) ұйымдастырып, жүзеге асырады;

– білім алушы жастар мен «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларына (30 тамыз – ҚР Конституциясы күні, 25 қазан – Республика күні, 16 желтоқсан - ҚР Тәуелсіздік күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, 22 наурыз - Наурыз мейрамы, 1 мамыр – Бірлік күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні, Медицина

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		ҚЕ 17-2026 7-ші басылым 16 беттің 9 беті

қызметкерлері күні) қатысуына ықпал етеді, құқықтық және саяси мәдениеттің, белсенді азаматтық позицияның қалыптасуына әсер ететін, салауатты өмір салтын насихаттайтын, патриоттық, интернационалистік сезімді дамытатын, наркомания мен жемқорлық, құқық бұзушылықтың алдын алуға әсер ететін іс-шараларды (дөңгелек үстелдер, кездесулер, жиналыстар, акциялар және т.б.) ұйымдастырып, жүзеге асырады;

- жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылып жатқан дискуссиялық, ақпараттық, патриоттық, спорттық клубтар мен секцияларды қолдау мен дамытуға жағдай жасайды;

- жас лидерлермен мақсатты түрде кездесу өткізіп, жұмыс жүргізеді, білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын қадағалайды;

- ЖОО арасында біріккен іс-шаралар (жиналыстар, акциялар, дебаттар, байқаулар) өткізу арқылы байланыстарды жүзеге асырады;

- жүргізілген жұмыстарды талдайды, бағалайды;

- «ОҚМА» АҚ-ның әлеуметтік парақшасында атқарылған жұмыс жайында мәлімет жасайды;

- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарт талаптарына сәйкес сапа мәдениетін қалыптастырады;

- бөлімнің тәуекелдерін анықтайды, бағалайды;

- кадрлармен қамтамасыз етуді жүргізеді;

- бөлімнің web парақшасын толықтыру және жетілдіру, мониторинг жүргізу;

- «Salemoffice.kz» электрондық құжат айналым бағдарламасымен жұмыс жасау;

- ЖСБ Ережесін, ОҚМА Жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру Ережесі, ОҚМА Тәрбие жұмысын ұйымдастыру Ережесін, Тәлімгерлер кеңесі мен академиялық топ тәлімгерлері туралы Ереже, «Болашақ» АЖО Ережесі, Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы Ережесін, «Үздік жастар» байқауының Ережесін, Интегралды GPA Ережесі, Тұрақты даму саласындағы саясатты, Медициналық еріктілер секторының Ережесін, бөлім мамандарының лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу;

- бөлімге жүктелген жұмысты ұйымдастыруға;

- бөлім мамандарына, студенттік клубтарға, тәлімгерлер кеңесіне, білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарына әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетуге, бақылау жүргізу және соған қажетті жағдай жасауға;

- жастар саясатының жылдық жоспарын құруға, есебін жасауға;

- ЖСБ-нің жұмыс жағдайына анализ жасауға;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 10 беті

- қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық және спорттық-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуға;
- «ОҚМА» АҚ-да Қазақстан Республикасының жастар саясатын жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- жастармен жұмыс жүргізудің озық тәжірибелерін зерттейді, жинақтайды және таратады, өз қызметінің стилін, формасын және әдістерін жетілдіреді;
- жастардың өзін-өзі басқаруын дамытуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға көмек береді;
- КТК командаларын құрады;
- «ОҚМА» АҚ салтанатты кештері мен мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларды ұйымдастырып өткізеді және Шымкент қаласының мәдени-көпшілік іс-шараларына қатысады;
- «ОҚМА» АҚ білім алушылар кеңесінің, білім алушылар ұйымдардың жұмысын ағымдағы және болашақтағы жоспарлауын қамтамасыз етеді, жұмыстарына талдау жүргізеді, есебін жүргізеді;
- қоғамдық жұмысқа білім алушыларды, белсенді білім алушыларды тартады, олармен тәрбие жұмысын жүргізеді;
- байқаулар, көркемдік шығармашылық фестивальдар, спартакиадаларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;
- білім алушылардың денсаулығын нығайту мақсатында дене шынықтыру, сауықтыру, спорттық жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз етеді;
- білім алушылар мен қызметкерлерге салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттерді жою бойынша (акциялар, дөңгелек үстелдер, жиналыстар, кездесулер, конференциялар, спартакиадалар, конкурстар, спорттық жарыстар) тәрбие жұмысын жүргізеді, іс-шаралар өткізеді;
- Қазақстан халқының денсаулығын сақтау мен жақсартуға бағытталған, мемлекеттік мақсатты кешенді бағдарламаларда көзделген сауықтыру іс-шараларының ендірілуіне ат салысады;
- бекітілген тәртіпке сәйкес дене шынықтыру кафедрасын тарта отырып басқа да ЖОО-мен, спорттық ұйымдармен байланыс орнатады;
- «ОҚМА» АҚ білім алушылардың студенттік спорт секцияларын құрады;
- «ОҚМА» АҚ білім алушылары үшін жақсы әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды әзірлеп, өткізеді;
- «ОҚМА» АҚ жатақханаларындағы білім алушылардың өмір сүру жағдайын қадағалайды, орын алған теріс жағдайларды жою бойынша шаралар қолданады;
- жатақхананың білім алушылар кеңесінің жұмысын үйлестіреді, олардың жұмыс жоспарының орындалуын қадағалайды;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 11 беті

– білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету бойынша «ОҚМА» АҚ басшылығымен бірге жұмыс жасайды;

– мәдени-көпшілік іс-шараларды даярлау мен өткізуге іс жүзінде көмек көрсетеді;

– жалпы «ОҚМА» АҚ деңгейдегі іс-шаралар, байқаулар, көркемдік шығармашылық фестивальдардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне қатысады;

– жетім білім алушылардың әлеуметтік қорғалуын үйлестіреді;

– ҰОС, Еңбек және Тыл ардагерлерімен кездесіп, мерекелерде құттықтап, көмек және қошемет көрсетеді;

– Білім алушылардың кәсіби-шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыратын кешенді тәрбие жұмыстары жобасы бойынша бағдарламаны әзірлеу үшін деканаттар, кафедралар мен тәлімгерлердің бірге жұмыс жасауын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

– БАҚ көмегімен білім алушылардың шығармашылық жетістіктерін насихаттаумен айналысады;

– конкурстар өткізу арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытуға ат салысады, олардың дайындық сапасын арттырады;

– «ОҚМА» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерін, облыстың жетекші мамандарын, шығармашылық ұйымдарды тарта отырып, білім алушылардың өзіндік шығармашылық қызметіне ат салысу, белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

– сауалнамалар арқылы «ОҚМА» АҚ білім алушыларының арасында діни экстремизмнің әсеріне ілігуі мүмкін топқа кіретін білім алушылар жайында мәліметтер жинайды;

– діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы акциялар, дөңгелек үстелдер мен жиналыстар ұйымдастырып, өткізеді;

5.4 ЖСБ ықпал етеді:

– жиналыстар, кездесулер, дебаттар мен дискуссиялар өткізу арқылы білім алушыларды азаматтық қоғам жағдайында жеке және қоғамдық проблемаларды шеше алатын, құқықтық, демократиялық мемлекеттің азаматтары ретінде тәрбиелеуге;

– жиналыстар мен кездесулер ұйымдастыру және өткізу арқылы білім алушыларды мәселелерді шеше алатын кәсіби білікті маман ретінде тәрбиелеуге;

– жиналыстар мен кездесулер ұйымдастыру және өткізу арқылы жастар арасында теріс әлеуметтік үдерістерге қарсы тұруға тәрбиелеу;

– ғылыми конференцияларды ұйымдастыруға ат салысу;

QO'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 12 беті

- білім алушылардың тәрбиесінде өз мамандығына деген сүйіспеншілігін күшейтуге ықпал ету;
- тәрбиелік қызметті жүзеге асыру үшін факультетаралық және кафедрааралық байланыстар жүйесін құру мен нығайту;
- тәрбиелік қызметті жүзеге асыруда сыртқы байланыстарды (ЖОО аралық, қалалық, аймақтық, халықаралық) нығайту;
- ғылыми конференциялар мен конкурстарға, білім беру мекемелерінде білім алушыларға патриоттық тәрбие беру саласындағы кешенді оқу және арнайы бағдарламалар мен әдістемелерді жасауға қатысуға;
- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде адамгершілік және патриоттық тәрбиенің түрлері мен әдістерін дамытуға;
- оларды қолданысқа енгізу мақсатында азаматтық-патриоттық және адамгершілік тәрбие саласындағы озық тәжірибелерді зерттеу және жинақтауға;
- патриотизм және азаматтық тәрбие бойынша көрнекі құралдар мен оқу-әдістемелік құралдар даярлау мен жариялауға;
- тәрбиелік жұмыстардың мазмұны мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында дөңгелек үстелдер, конференциялар, слеттер және басқа да тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастыруға;
- жастарға патриоттық және азаматтық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру үшін Шымкент қаласының және облыс аудандарының патриоттық тәрбие беру бағдарламаларына қатысу.

5.5. Сапа менеджмент жүйесінің талаптарын орындау.

5.6. «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

5.7. Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

6 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

6.1 Мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, қоғамдық-саяси шараларға және мемлекеттік рәміздерді ұлықтау шараларына қатыстыру арқылы білім алушыларға патриоттық тәрбие беру деңгейін көтеру.

6.2 Жастар саясаты бойынша концепция, жоспар және басқа да іс-шараларды әзірлеп, бекіту, олардың орындалуын қадағалау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	ҚЕ 17-2026	
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	7-ші басылым 16 беттің 13 беті	

6.3 Кафедралар мен ЖОО құрылымдық бөлімшелерінің тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жағдайы, оны жақсарту шаралары және жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыруы бойынша есептерін қарау.

6.4 Ұсынылған тәрбие бойынша көрнекі оқу-әдістемелік құралдарды, нұсқаулықтарды топ тәлімгерлері мен құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлеріне көмекші құрал ретінде баспадан шығаруға көмек көрсету.

6.5 Кафедралардың, топ тәлімгерлерінің, студенттік клубтардың, білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының тәрбие бағыты бойынша жеке жоспарларының іс жүзінде орындалуы мен сапасын қадағалау.

6.6 Білім алушылардың «ОҚМА» АҚ, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық түрлі іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.

6.7 Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен, басқа да жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынаста академияның атынан өкілеттілік ету.

6.8 Дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыратын жүйе (ереже мен жоспарлар) құру.

Осы Ереженің 4 бөлімінде көрсетілген міндеттерді орындау үшін ЖСБ келесі өкілеттіліктерге ие болады:

- өзінің өкілеттілігі шеңберінде республикалық және Шымкент қаласының мақсатты бағдарламаларын орындауды қамтамасыз ету;

- республика, қала аймағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері, қалалық мерекелер, атаулы күндерге арналған іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу;

- бөлімнің өкілеттілігіне жататын мәселелер бойынша конференциялар, семинарлар өткізіп, «ОҚМА» АҚ әкімшілігі өткізетін кеңестер мен жиналыстарға қатысу;

- бөлімнің қызметінде қолданылатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

- жастар саясаты саласы мен «ОҚМА» АҚ қоғамдық ұйымдарымен әріптестікті дамыту бойынша негізгі басымдықтар мен перспективті бағыттарды анықтау, аналитикалық материалдар мен болжамдарды даярлауды жүзеге асыру;

- жастар саясаты саласында конкурстар өткізуге қатысу;

- әріптестік жөніндегі келісімдерге сәйкес қала территориясында орналасқан жастар орталықтарының, қоғамдық бірлестіктердің, орта және жоғарғы білім беру орындарының жұмыстарына қатысу;

- бөлімнің өкілеттілігіне кіретін міндеттерді орындауда «ОҚМА» АҚ білім алушылардың қоғамдық бірлестіктерінің жұмысына қатысу;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 14 беті

– білім алушыларға әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету шараларын жүзеге асыруға қатысу;

– білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру, «ОҚМА» АҚ жастарының ойын-сауығын ұйымдастыру, әлеуметтік-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыратын білім алушылардың қоғамдық ұйымдардың қызметін қадағалап, дұрыс бағыттар беру;

– жастарға патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша іс-шараларды жүзеге асыру мен қызметінің негізгі бағыттарын анықтауға қатысу;

– білім алушылардың өзін-өзі басқару органы сияқты қызметі жастардың проблемаларын шешуге бағытталған ұйымдардың құрылуы мен жұмыс істеуіне ат салысу;

– білім алушылардың жастар қоғамдық ұйымдарымен әріптестік бойынша жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыру-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;

– білім алушылар мен жастар қоғамдық ұйымдарының заңдық мүдделері мен құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу, олардың қызметі мен қоғамдық-пайдалы бастамаларына қолдау көрсету;

– экстремизм, лаңкестік және білім алушылар арасындағы басқа да көріністердің алдын алу мен қарсы әрекеттер, басқа ұлттардың өкілі болып табылатын білім алушыларға толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеу іс-шаралар жоспарының жүзеге асуын қадағалау.

7 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

ЖСБ қызметкерлері келесілерге құқылы:

– «ОҚМА» АҚ басқарушы құрамының ЖСБ қызметіне қатысты шешімдерінің жобасымен танысуға, олардың даярлануы мен талқылауына қатысуға;

– белсенді білім алушыларды марапаттауға ұсыныс беруге;

– «ОҚМА» АҚ басшылығына өзінің қызметтік міндеттерін орындауға ат салысуына өтініш білдіруге;

– «ОҚМА» АҚ кітапханалары мен әлеуметтік-тұрмыстық, емдеу және басқа да құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін пайдалануға;

– «ОҚМА» АҚ басшылығының рұқсатымен байқаулар, діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы акциялар, дөңгелек үстелдер, дебаттар, жиналыстар, кездесулер, конференциялар, интеллектуалды ойындар, спартакиадалар, тәлімгерлік сағаттар, мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып өткізуге;

– Қазақстан Республикасының алыс және жақын шетел ЖОО-мен тәжірибе алмасуға;

– білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 15 беті

- тізімі анықталған білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыруға;
- кафедралардың, топ тәлімгерлерінің, студенттік клубтардың, білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының тәрбие бағыты бойынша іс-шаралар жоспарының іс жүзінде орындалуы мен сапасын қадағалауға;
- жатақханаларда орналасқан білім алушылардың жағдайын қадағалауға;

8 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1 ЖСБ қызметкерлері келесілерге жауапты:

- осы Ережеде көрсетілген қызметтік міндеттерді дұрыс және уақытылы орындауға;
- қызметтік нұсқаулықта көрсетілген қызметтерді атқаруға;
- ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттарының талаптарын жауапкершілікпен орындауға;
- бөлім қызметкерлерінің еңбек тәртібін сақтауына;
- қолданыстағы еңбек заңнамасының орындалуына.

8.2 Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

8.3. Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады

9 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Осы Ережеде көрсетілген негізгі мақсаттар мен міндеттерді атқаруда ЖСБ белгіленген тәртіппен «ОҚМА» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімдерімен, факультеттермен, кафедралармен, «ОҚМА» АҚ жатақханаларымен, сонымен қатар республикалық, облыстық және қалалық жастар ісі жөніндегі ішкі саясат бөлімімен, сондай-ақ жастар орталықтарымен қызметтік қарым-қатынастар орнатады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		ҚЕ 17-2026
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		7-ші басылым 16 беттің 16 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.А.Турабек

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімнің меңгерушісі	Н.А.Ержанов
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Г.Л.Елеусизова
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	Аты-жөні
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ.Сәлім
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Турабек Мадина Айдарқызы	Разработано	29.05.2026, 10:47:35	Без замечаний	
Елеусизова Гулсара Лесовна	Проверено	29.05.2026, 10:03:38	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛСАРА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская медицина»
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	29.05.2026, 11:21:49	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАБИШТАЕВ ОРЫНБАСАР, Акционерное общество «Южно-Казахстанская медицина»
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	29.05.2026, 11:29:45	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СӘЛІМ ЕРБОЛ, Акционерное общество «Южно-Казахстанская медицина»
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	29.05.2026, 10:07:54	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ПЕРНЕБАЕВ НУРГАЛИ, Акционерное общество «Южно-Казахстанская медицина»
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	29.05.2026, 10:57:55	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕРЖАНОВ НУРЛАН, Акционерное общество «Южно-Казахстанская медицина»
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 12:45:59	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 12:46:10	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
----------------------------------	------------------	----------------------	---------------	---

